Дене шынықтыру – 3	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)
Қазақ тілі-1				Қазақ тілі (1.0)	
Музыка – 1		Музыка (1,0)			

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі

**Ортаңғы (3 жастағы балалар) «Балдырған» тобының
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

ҮІӨ	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру – 3	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)
Қазақ тілі-1				Қазақ тілі (1.0)	
Музыка – 1		Музыка (1,0)			

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі

**Ересек (4 жастағы балалар) «Балапан-2» тобының
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі**

ҮІӨ	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру – 3	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)	
Қазақ тілі-1			Қазақтілі (1.0)		
Музыка – 2		Музыка (1,0)			Музыка (1,0)

Ескерту:сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері,

Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,

Құрастырудағыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада

ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай бақшасының

**2024-2025оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың
оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Көгершін» кіші тобының (2- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
	Көркем әдебиет	күн сайын	
3	Сенсорика	күн сайын	1
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
6	Музыка		1
	Музыка	күн сайын	

7	Барлығы		5

ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай бақшасының
2024-2025оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың
оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балдырған» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
	Көркем әдебиет	күн сайын	
	Қазақ тілі		1
	Қазақ тілі	күн сайын	
3	Математика негіздері	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
6	Музыка		1
	Музыка	күн сайын	
7	Барлығы		5

**ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай бақшасының
2024-2025оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың
оқу жұмыс жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балдырған» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
	Көркем әдебиет	күн сайын	
	Қазақ тілі		1
	Қазақ тілі	күн сайын	
3	Математика негіздері	күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
5	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
6	Музыка		1
	Музыка	күн сайын	
7	Барлығы		5

ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай бақшасының

2024-2025оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балапан-2» МАД тобының (5- жастағы балалар)	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2
	Сөйлеуді дамыту	күн сайын	
4	Сауат ашу негіздері		3
	Сауат ашу негіздері	күн сайын	
5	Көркем әдебиет		2
	Көркем әдебиет	күн сайын	
6	Қазақ тілі		2
	Қазақ тілі	күн сайын	
7	Математика негіздері		3
	Математика негіздері	күн сайын	
8	Қоршаған ортамен таныстыру		2
	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	
9	Құрастыру	күн сайын	
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
10	Музыка		2
	Музыка	күн сайын	
	Барлығы		19

Мектепалды даярлық «Балапан-2» тобы

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауаташу негіздері	Сауаташу негіздері	Математика негіздері	Математика негіздері	Сауаташу негіздері
	Музыка	Математика негіздері	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)
	Дене шынықтыру	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
	Қоршаған орта ментаныстыру	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Қоршаған орта ментаныстыру	Көркем әдебиет

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын
3	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын
5	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын
6	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын
8	Музыка****	күн сайын

Инновациялық технологиялар:

«Денсаулықты сақтау технологиясы»

«Монтессори»

«Ойын» технологиясы

«Денсаулық» технологиясы

«ТРИЗ» технологиясы

«Мнемотехника» технологиясы

Ақпараттық-коммуникативтік технология

«Зерттеу»

«Танграм»

Дамытушы әдістер:

В.В. Воскобовичтың ойын әдісі

Н.А. Зайцевтің текшелері

Ф.Фребель ойын құралы

Никитин кубиктері

«Әуендікесте»

2022-2023 оқу жылында ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай бақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Өткен оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда бақша ұжымы алдына мынадай мақсат қойды.

Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында, оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру

1. Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту. Бала денсаулығын нығайту мен сауықтыру шараларының жүйесін жетілдіру.

2. Шығармашылық ойлау мәдениеті, эстетикалық талғамды дамыту. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы балалардың шығармашылығын қалыптастыру. Отбасы мен бақша арасындағы сенімді іскерлік байланыстарды орнату. Алынған міндеттерді іске асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шаралар жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, әдістерімен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Бақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттерін дамытушы орталарда ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды. Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірбиелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, дағдыларын дамытты. Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін

бақылап, баланың қабілетіне қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды. Дені сау баланы тәрбиелеу, балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту, ұлттық, спорттық ойындардың элементтерімен танысу мақсатында «Шынықсаң шымыр боласың» іс –шарасын Орақбай Зарина, «Доппен ойналатын ойындар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекетін тәрбиеші Гулманова Назигул өтті. Баланың ауызекі байланыстырып сөйлеуін, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, танымдық зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында озық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып «Мамандықтар», «Зымырайды зымыран» іс-әрекеті өткізілді. Ата-аналармен өзара қарым-қатынастың оң эмоционалды микроклиматын құра отырып «Анам, бауырым және мен» атты спорттық сайыс пен ашық есік күндері өткізілді. Мемлекеттік мереке күндеріне арнап «Кел балалар, оқылық!», «Берекелі алтын күз!», «Тәуелсіздік -тұғырым», «Менің анам - алтын!», « Ұлы Жеңіс - жасасын!»,«Қош бол бақша»атты іс-шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, ата-аналар тарапынан алғыстар айтылды.

5.Оқу-материалдық активтер

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру негізгі мақсатқа алынды. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді.

2023-2024 оқу жылында ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай бақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Өткен оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда бақша ұжымы алдына мынадай мақсат қойды.

Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында, оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру деген мақсат міндеттерді орындап шықты.

Бақшаның жылдық мақсаты:

1. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дене қимылының қажеттіліктерін денсаулық сақтау технологиясы арқылы дамуына жағдай жасау;
2. МДМ білім беруде ақпараттық – коммуникативтік технология арқылы педагогтардың іс-тәжірибесін кеңейту;
3. Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, балаларды мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау;

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында бақшада жоспарлы түрде жұмыс жасалды.Ұйымдастырылған оқу қызметі бес білім беру салалары бойынша жүргізілді.Сонымен қатар педагогтар ата-анамен байланыс жұмыстарын ата-аналар жиналысы,ағарту жұмыстары,бала тәрбиесі жайында кеңестерберіп ата-аналармен біріккен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырып толықтырылып отырды.

Оқыту апталық жүктемесі әр топтың жас ерекшеліктеріне сай, 1 жастан 5(6)жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Оқыту және тәрбиелеу барысы барлық топтарда оқу жылының басында қашықтан оқыту бойынша өткізілді. Педагогикалық ұжымға қашықтан оқыту бойынша бейне сабақтар дайындауда әрдайым әдістемелік көмек берілді. Жыл басынан бастап атаулы күндері «Білім күні», «Тіл мерекесі», «Берекелі Алтын күз», «16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні», «Президент күні!», Жаңа жыл мерекелік ертеңгіліктер өткізілді. Наурыз айында аналар мерекесі, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі тойланды. Мамыр айында достық күні тойланып, 9 мамыр Жеңіс күніне ауданымыздың ауған соғысы ардагерлері қонаққа шақырылды. Бақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Бақшада дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балалардың физиологиясына, санитарлық – мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды – құрал жабдықтармен жабдықталған. Таңертеңгі қабылдауда баланың дене температурасы, көңіл-күйі, үйдегі жай-күйі жайында ата-аналардан сұрап қабылдау жүргізілді. Педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыру, жаңа инновациялық әдістерді пайдалану мақсатында ашық оқу көрсетілімдер өткізілді. Жоғары деңгейде өтілген оқу қызметтері «Үй жануарлары және олардың төлдері» тәрбиеші Асанова Актоты, «Астана» тәрбиеші Бұхар Нұрсулу, «Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру» спорттық сайыс тәрбиеші Жарылкасынова Көркем, «Жәндіктер мен қос мекенділер» тәрбиеші С.Жұмабай, «Күзгі құбылыстар» тәрбиеші Ақылтаева Акдидар, Мемлекеттік мереке күндеріне арнап «Кел балалар, оқылық!», «Алтын күз», «Менің елім Қазақстан», «Қош келдің жаңа жыл», «Анамызға мың алғыс!», «Ерлікпен жеткен Ұлы Жеңіс!» іс-шаралары жоғары деңгейде өткізіліп, ата-аналар тарапынан алғыстар айтылды.

Бақылау және басшылық

Оқу-тәрбиелеу жұмысын бақылау, тәрбиешілер жұмысын тікелей қадағалау мен талдау арқылы жүзеге асырылды.

Бақылаудың мынадай түрлері өткізілді: тақырыптық, салыстырмалы, ағымдағы және жан-жақты. Тақырыптық бақылау тәрбиешінің жұмыс істеу жүйесін бағдарламада көзделген қандай да бір тақырып шегінде зерттеуді көздеді. Бақылаудың нәтижелері педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес, әдістемелік кеңестің талқылауына шығарылды.

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
---	--------------------------	---

1	«Балапан-2» МАД тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Самокаттар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Қимылды ойындар атрибуттары: «Құстар», «Аңдар», «Құрылысшылар», «Өрт сөндірушілер». Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер. Кітап бұрышы: «Жалқау мысық», «Түлкі, қараторғай және қарға», «Маша мен аю», «Қаршақыз бен жеті құртақан», «Менің сүйікті ертегілерім», «Түлкі мен қоян», «Қорқақ қоян», «Алтын балта», «Ай мен күн», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Жыл мезгілдері», «Жалқау қоян» ертегілері. «Сиқырлы кітап» альбом, жұмбақтар, өлеңдер, тақпақтар, санамақтар жинақтары, сөйлейтін әліппе. Сюжеттік рөлдік ойындар: «Асхана», «Сән салон», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Ертегілер елінде», «Киіз үйде» «Шаптараз». Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары Түрлі түсті қасықтар, қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі-түсті құм салғыштар, түрлі-түсті алақан ойыны, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар, домино, мазайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Магнит тақта, түтікшелер, жемістер, құм салғыштар, құм сағаты, ұннан жасалған күлшелер, үтік, пипеткалар, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар, тігін машинасы, перакидалар, құрастырғыштар, жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуаш, тақтайшалар, ермексаз, борлар, Музыкалық ойыншықтар Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру Табиғат бұрышы: Бөлме гүлдері, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністері, ауа райын белгілейтін күнтізбе, қағаздан, фетрден, былғарыдан, шишқалардан, жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер. Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: «Менің Астанам», «Қазақстан қалалары», «Табиғат біздің анамыз», «Менің отбасым», «Қазақ салт дәстүрлері».
2	«Балдырған» ортаңғы тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Қимылды ойындар картотекалары, үлкен және кіші доптар, құрсаулар, секірімектер, кегілдер, шеңберлер, кедергілер, жалаушалар, сауықтыру шарасына арналған құралдар Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Артикуляциялық гимнастика картотекалары, түрлі-түсті суретті альбомдар «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала аңдары», «», «Жәндіктер», «Құстар», «Батырлар» «Ұйқыдағы ханшайым», «Қобыланды батыр», Санамақтар, Тақпақтар жинағы, Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар Кітап бұрышы: «Түлкі мен сауысқан», «Күн астындағы күнекей қыз», «Мақта қызбен мысық», «Ханшайым мен жеті ергежейлі», «Жеті лақ», «Шалқан», «Түлкі мен қарға», «Ертөстік», «Күлше қыз» «Бақа ханшайым», «Қожанасыр», «Менің елім». Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары Дидактикалық ойындар картотекалары, үлестірмелі түрлі түсті пішіндер,

	мазайка, перапидалар, жемістер муляждары, таяқшалар, қыстырғыштар, шелектер, сырмалар, баулар. Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері: Қуыршақ театры «Ақымақ қасқыр», «Үш аю», «Үш торай», «Шалқан», «Қызыл телпек», «Бауырсақ» Үстел үсті театры «Көкөністер дауы», «Жеті лақ», «Көңілді пішіндер» Сюжеттік рөлдік ойындар: «Көліктер», «Отбасы», «Дәрігер», «Құрылысшы», «Шаштараз», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуаш, тақтайшалар, ермексаз, түрлі түсті борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру «Көліктер», «қазақстан қалалары», «Дала құстары», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Біздің көше» Түрлі альбомдар , буклеттер, рәміздердің суреттері
«Көгершін» кіші тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Қимылды ойын атрибуттары «Тышқан мен лақ», «Қояндар», «Балапандар», «Пойыз», «Торғайлар мен мысық», «Тышқан мен Мысық», «Түлкі мен балапандар», «Қоңырауым қайда?», «Мысық пен тышқандар», «Көліктер», «Жеті лақ», «Аурухана» Қимылды ойындар картотекалары, үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кегілдер, жалаушалар, сауықтыру шарасына арналған құралдар Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Бейнелік ойыншықтар: жабайы және үй жануарлары, қуыршақтар, жұмсақ ойыншық, көліктер, үй құстары Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары: Ағаштан жасалған дамытушы ойыншықтар Сенсорикалық заттар. Моншақ тізуге арналған дөңгелектер, түрлі-түсті қыстырғыштар, фетрден жасалған кітапшалар, жапсырмалы фетрлер, үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті қасықтар, таяқшалар, құрастырғыштар, перапидалар Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Қуыршақ театры «Үш аю» , «Алтын балық», «Бауырсақ», «Үйшік» , «Шалқан», «Ханшайым мен айдаһарі» Үстел үсті «Ойыншықтар», «Шалқан», «Матрешкалар», Сюжеттік рөлдік ойындар «Қуыршақты бесікке бөлеу», «Айшаны тамақтандырамыз», «Асхана», «Бесік жыры» Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру «Жануарлар әлемі», «Үй құстары», «Әкем, анам және мен», тақырыбындағы суретті альбомдар мен бейнетаспалар

6. Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау

деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді. Бақша ішілік тексерулер мен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларының байытуда, белсенді сөйлеу қорларының төмендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылға балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарланды, мына міндеттер алынды.

1. Балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл белсенділігін, ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындардың элементтерін, командамен бірге әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

2. Балалардың белсенді сөздік қорын байыту, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту.

3. Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, кітаптарды оқып беру, кітап бұрышын ұйымдастыру.

4. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қарым-қатынас орнату.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бақшада жұмыстар өз жалғасын табуда. Бақшада «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Әке – асқар тауым» атты іс-шаралар өткізілді. Ата-аналарды бақша өміріне араластыру мақсатында «Кітап алтын қазына» акциясы ұйымдастырылды, топтардағы кітап бұрыштарына ата-аналар кітаптар сыйға тартты.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында, күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздік қорын байыту ұсынылады. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды тандау, мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармаларынан алынады.

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша, балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі

болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейі анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2022-2023 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

8. Білім беру процесіне қатысушылар.

Бақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады:

-Ұйымдастырушылық (ата-аналарды бақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі);

-ақпараттық-ағартушылық (ата-аналарға бақша туралы ақпарат пен бақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек;);

-Ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараға тарту, бос уақытта, сауықтыру шараларына қатысу, бақшаға көмек көрсету);

-ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу т.б.

2024-2025 оқу жылында ата-аналардың білім мазмұнына белсенді араласу, қатысу, талдау жұмыстарына тарту мақсатында ата-аналардан сауалнама алынды. Алынған нәтижелерге зерттеу жүргізілді. Мақсаты: оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау, бақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау. Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті:

Кемшіліктер мен ескертулер:

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін бақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің

әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтарымыздың АКТ еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, бақшамызда озық тәжірибені пайдалану, дамып келеді. Педагогтар іс-тәжірибеде қолданғанымен, оны

жинақтау, тарату, жалпылау бойынша қиналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдағы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік сыныптар өтуді жоспарға енгіздік.

ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

«Нұрлы Жол» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өзіндік бағалау 2024 жыл желтоқсан айының 23- 27 аралығында өтті.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 5-1 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық ұжым оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.
2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл-күй мен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.
3. Мектепке дейінгі ұйымда жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отан сүйгіштік, ұттық намыс сезімдерін қалыптастыруға жұмыстар жасалады

Бақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде ұсыныстар енгізіледі:

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекітутуралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін кеңінен ұйымдастыру:

-Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау күрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу

-Ұйымдастырылған іс-әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтар баланың әр түрлі материалдармен жұмыс жасауға деген қызығушылығын арттыру ,баланың дамуына тың мүмкіндіктержасау;

-Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру,тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп ,жоспар жасау;

- «Нұрлы Жол» бөбекжай балабақшасы ЖШС білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді және «жақсы »-деп бағаланады.

Коммисия төрайымы
бақша меңгерушісі:
Мүшелері:

Тәрбиешілер:

Усербаева Балжан

Сапарбаева Актolkын
Жарылкасынова Көркем
Бұхар Нұрсулу
Акылтаева Акдидар